



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

"KMG Green Energy" Жауапкершілігі шектеулі серіктестік, бұдан әрі Заказчик деп аталатын, _____ негізінде қызмет ететін _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі Исполнитель деп аталатын, _____ негізінде қызмет ететін _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» мамыр №193) ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Ұғымдар мен терминдер

- 1.1. Әкімшілік шығындар – Сақтандырушының Шартты жүргізу және қолдау бойынша шығындары.
- 1.2. Дәрігер – пациентке медициналық ұйымда бақылау және емдеу кезеңінде медициналық көмек көрсететін дәрігер.
- 1.3. Отбасы дәрігері (жалпы практика дәрігері (ЖПД)/терапевт/педиатр) – Сақтандырылушыға Шартта белгіленген медициналық қызметтерді ұсынушы ұйымдастырушы және оларды көрсетуші медициналық ассистанстың дәрігері.
- 1.4. Медицина қызметкерінің құпиясы - дербес медициналық деректер, медициналық көмекке жүгіну фактісі, адамның денсаулық жағдайы, оның диагнозы туралы ақпарат және оны тексеру және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер.
- 1.5. Пайда алушы - Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.
- 1.6. Қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер - аурулар мен жарақаттарды диагностикалау, емдеу, медициналық оңалту және олардың профилактикасы, медицина қызметкерлерінің бір-бірімен, Сақтандырылушылармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қашықтықтан өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы зерттеулер мен бағалау жүргізу, аталған адамдарды сәйкестендіру, сондай-ақ олар жасайтын іс-әрекеттерді құжаттау мақсатында медициналық қызметтер көрсету.
- 1.7. Сырқат – Сақтандырылушы ағзасының функционалдық немесе (және) морфологиялық өзгерістерімен шарттасылған қалыпты тіршілік әрекетінің бұзылуы.
- 1.8. Сақтандырылушы – Шартқа №4 қосымшада көрсетілген, оған қатысты сақтандыру жасалатын тұлға.
 - 1.8.1. Негізгі Сақтандырылушы – Сақтанушы – заңды тұлғаның қызметкері немесе Сақтанушы болып табылатын жеке тұлға.
 - 1.8.2. Отбасының сақтандырылған мүшелері – егер Сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе, негізгі Сақтандырылушының тікелей туыстары (75 жасқа дейінгі ата-анасы, жұбайы (зайыбы) және/немесе 1 жастан 21 жасқа дейінгі балалар).
- 1.9. Құрал-сайман зерттеулері – арнайы медициналық жабдықтың немесе апараттардың көмегімен диагностикалық зерттеулер (мысалы, рентгенография, УЗИ, ЭКГ, фиброгастроскопия, томография және т.б.).
- 1.10. Есептен шығару санаты – лимитті (амбулаториялық-емханалық көмек, емдік массаж, стоматология және т. б.) ықтимал көрсете отырып, сақтандыру бағдарламасында көрсетілген жабу бойынша жеке позицияға біріктірілген бастапқы медициналық қызметтердің тізбесі.
- 1.11. Клиникалық хаттама - пациенттің белгілі бір ауруы немесе жағдайы кезінде алдын алу, диагностикалау, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар.
- 1.12. Зертханалық зерттеулер – емдеу-алдын алу мекемелерінің зертханаларында жүргізілген және сырқаттану кезінде диагнозды нақтылау және қою үшін қызмет ететін диагностикалық талдаулар.
- 1.13. Жауапкершілік лимиті – сақтандыру бағдарламасында белгіленетін, арнайы есептен шығару санаты бойынша сақтандыру сомасы.
- 1.14. Дәрі-дәрмектер – дәрілік заттар. Дәрілік зат - адам ағзасымен байланысқа түсетін, адам ауруларын емдеуге, олардың профилактикасына немесе фармакологиялық, иммунологиялық не метаболизмдік әсер ету арқылы оның физиологиялық функцияларын қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе адам аурулары мен жай-күйін диагностикалауға арналған зат не заттардың комбинациясы болып табылатын немесе бар зат.
- 1.15. Медициналық ассистанс – Сақтандырушымен жасалған шарт негізінде Сақтандырылушыға көрсетілетін және Шартта көзделген медициналық қызметтерді ұйымдастыру, ұсыну және төлеу, таңдалған сақтандыру бағдарламасы бойынша Сақтандырылушыға тәулік бойы ақпараттық қолдау қызметін жүзеге асыратын Сақтандырушының өкілі - заңды тұлға.
- 1.16. Медициналық қызметтер – нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу бағыты бар денсаулық сақтау





субъектілерінің іс-әрекеттері. Медициналық қызметтерді тек Қазақстан Республикасының аумағында медициналық желінің қатысушылары болып табылатын медициналық ұйымдар, сондай-ақ медициналық ассистанспен/сақтандырушымен келісу кезінде және отбасылық дәрігердің жолдамасы бойынша өзге де медициналық ұйымдар көрсетеді.

1.17. Медициналық ұйымдар – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негізгі қызметі халыққа медициналық көмек және медициналық қызметтер көрсету болып табылатын (емханалар, ауруханалар, клиникалар, диагностикалық орталықтар, жедел медициналық жәрдем станциялары, республикалық мамандандырылған медицина орталықтары, ғылыми-зерттеу институттарының клиникалары, жеке медициналық ұйымдар және басқалар), Сақтандырылушыға тиісті медициналық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар медициналық қызметтер көрсететін мамандандырылған медициналық ұйым, онымен Сақтандырушы (медициналық ассистанс) Сақтандырылушыға медициналық қызметтер көрсетуге шарт жасасқан, денсаулық сақтау ұйымдары болып табылатын заңды тұлғалар.

1.18. Дәрігердің немесе дәрігер-үйлестірушінің жолдамасы – медициналық ассистанстың дәрігер-үйлестірушісі беретін, Сақтандырылушыға медициналық қызметтер көрсету тізбесін, көлемін және тәртібін анықтайтын, белгіленген үлгідегі құжат.

1.19. Өтелетін шығындар – Сақтандырылушыға медициналық көрсеткіштеріне сәйкес сақтандыру бағдарламасы, Шарт аясында тағайындалған дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтердің ақысы бойынша шығындар.

1.20. Сақтандыру бағдарламасы – Шарттың талаптарына сәйкес Сақтандырушы олар бойынша шығындарды өтеуі тиіс медициналық қызметтердің тізбесі (Шартқа №2 қосымша).

1.21. Сақтандыру қорғанысының қолданыс мерзімі – оның ішінде Сақтандырушы (медициналық ассистанс) Шартқа сәйкес өзінің міндеттерін орындайтын уақыт кезеңі.

1.22. Репатриация – мүрдені (қалдықты) тұрғылықты елдің жақын потрына тасымалдау.

1.23. Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті) шегінде төлейтін ақша сомасы.

1.24. Шұғыл көрсеткіштер бойынша хирургиялық операция – Сақтандырылушы медициналық ұйымның қабылдау бөлмесіне түскеннен кейін 1-тәулік ішінде оған аяқ астынан және алдын ала жоспарланбай жасалған операция.

1.25. Медициналық көрсеткіштері бойынша хирургиялық операция – оны жүргізу қажеттілігін және жүргізу күнін медициналық ассистанс тізіміндегі дәрігер анықтаған және медициналық ассистанстың тізіміндегі медициналық ұйымда жүргізілген операция.

1.26. Шұғыл көрсеткіштер – Сақтандырылушының кенеттен сырқаттануынан оның денсаулығының аяқ астынан нашарлауы және шұғыл медициналық көмекті қажет етуі.

1.27. Шұғыл медициналық көмек – Сақтандырылушының өміріне қауіп төндіретін жайды, сондай-ақ жедел медициналық араласуды қажет ететін жайды жоюға бағытталған медициналық шаралар кешені.

1.28. Медициналық желіге қатысушылар – медициналық ассистанспен сақтандырылған адамдарға медициналық қызметтер және (немесе) дәрі-дәрмектер ұсыну шарттары мен тәртібін айқындайтын арнайы келісім жасасқан медициналық ұйымдардың, дәрігерлер мен дәріханалардың тізімі. Шарт бойынша Медициналық желіге қатысушылардың тізімі Шартқа №5 қосымшада көрсетілген.

2. Шарттың мәні

2.1. Шарт бойынша сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде таңдалған сақтандыру бағдарламасына және шарттың талаптарына сәйкес сақтандырылған медициналық қызметтер бойынша шығыстарды төлеу арқылы медициналық ассистанстың және медициналық желіге қатысушылардың сақтандырылған медициналық қызметтер көрсетуін ұйымдастыруға міндеттенеді.

3. Сақтандыруды шектеу


3.1. Сақтандырылушылар 1 (бір) жастан бастап 75 (жетпыс бес) жасқа дейінгі тұлғалар болуы мүмкін, егер сақтандыру бағдарламасында өзгеше ескертілмесе (Шартқа №2 қосымша).

3.2. Егер сақтандыру бағдарламасында (Шартқа №2 қосымша) басқалай қарастырылмаса, бір Сақтандырылушыға отбасының 3-тен (үштен) артық емес мүшелері тіркелуі мүмкін.

3.3. Сақтандыруға мына тұлғалар жатпайды:

3.3.1. кез келген ауру бойынша I - II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер болып табылады (III топтағы мүгедектігі бар адамдарға осы мүгедектікке әкеп соққан ауруды, оның асқынулары мен салдарларын емдеуге арналған шығыстар, сондай-ақ осы аурумен тікелей себеп-салдарлық байланыстағы кез келген жай-күй өтелмейді);

3.3.2. Шартты жасасу сәтіне кез келген сырқат бойынша ауруханаға жатқызылғандар;





3.3.3. наркологиялық, жүйке-неврологиялық, онкологиялық, тері-венерологиялық диспансерлерде есепте тұратын, СПИД немесе туберкулезбен ауырмайтындар, Шартта тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда;

3.3.4. Шартты жасасу сәтіне мына сырқаттармен ауыратындар:

3.3.4.1. уәкілетті мемлекеттік орган арқылы бекітілген, денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында емдеуге тыйым салынған аурулардың тізбесіне кіретін аурулар, оның ішінде, жүйке аурулары, қатерлі жаңа өскіндер, онкогематологиялық сырқаттар, венерологиялық сырқаттар, ВИЧ-инфекция (СПИД), туберкулез, бруцеллез, безгек, алапес, оба, тырысқақ, сары қызба, геморрагиялық вирусты қызба, іш сүзегі және паратифтер, аусыл, құтырма, вирусты гепатит;

3.3.4.2. эпилепсия, сондай-ақ жүйке табиғатынан туындаған жарақаттар мен соматикалық аурулар, наркологиялық аурулар (наркомания, токсикомания, алкоголизм), І типті қант диабеті, дерматомиозит, склеродермия, СКВ (жүйелі қызыл жегі), Бехтерев ауруы, жүйке жүйесінің және бұлшық еттердің тұқым қуалайтын және дегенеративті аурулары (Паркинсон ауруы, Гентингтон хорейсы, миастения, миопатия, Пьер-Маридің тұқым қуалайтын миышқ атаксиясы, Фридрейх ауруы, үдеп кеткен бұлшық ет дистрофиясы, невралды амиотрофия; гепато-церебральды дистрофия (Вильсон-Коновалов ауруы), фенилкетонурия, нерв жүйесінің миелинсіздендіретін аурулары (Альцгеймер ауруы, ұмытшақ склероз, синрингомиелия, БАС – бүйірлік амиотрофиялық склероз); балалардың церебральды сал ауруы; муковисцидоз; туа біткен ихтиоз, инфекциялық менингит;

3.3.4.3. кәсіби сырқаттар;

3.3.4.4. радиациялық, UVЧ және СВЧ зақымдану;

3.3.4.5. жүрек қан тамыры аурулары: Абрамов-Фидлер миокардиті, кардиомиопатия;

3.3.4.6. қан аурулары: гемобластоз, апластикалық және гипопластикалық анемия;

3.3.4.7. эндокрин жүйесінің аурулары: Иценко-Кушинг синдромы және ауруы, феохромоцитома, туа біткен гипотиреоз, гипопаратироз;

3.3.4.8. ревматизм аурулары: ДБСТ (дәнекерлеуші тіндердің диффузды аурулары); Шегрен синдромы, Шарп синдромы, Рейтер ауруы, жүректің ревматизм аурулары, ІІБ-ІІІ қан жетіспеушілігімен (НУНА бойынша 3, 4-деңгей); буындар функциясының ІІ, ІІІ деңгейлі бұзылысы бар ревматоидты артрит; жүйелік васкулит;

3.3.4.9. бүйрек аурулары: амилоидоз, созылмалы гломерулонефрит; созылмалы бүйрек жетімсіздігі ІІ – ІІІ деңгейлі (бүйректердің созылмалы ауруы ІІІ – V кезең);

3.3.4.10. тыныс жолдары аурулары: бронхоэктатикалық ауру, өкпенің бастапқы эмфиземасы, буллезды эмфизема, диффузды пневмофиброз (фиброздайтын альвеолит) және гранулематоз, өкпенің саркоидозы, пневмокониоз;

3.3.4.11. туа біткен аурулар.

3.4. Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы баптың 3.3.-тармағында көзделген, бұрын диагностика қойылған сырқаттары туралы ақпаратты Шартты жасасу сәтінде жасырғандығы мәлім болса, мұндай тұлғаларға қатысты жасалған Шарт мерзімінен бұрын бұзылады, ал төленген сақтандыру сыйлықақысы кері қайтарылмайды.

3.5. Егер 3.3-тармақта көрсетілген ауруларға Шарт бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде алғаш рет Сақтандырылушыға диагноз қойылса, Сақтандырушы Сақтандырылушының осы ауру бойынша шеккен шығыстарын амбулаториялық-емханалық жағдайларда диагноз қойылған сәтке дейін не аурудың диагнозы алғаш рет анықталған кезде шұғыл және (немесе) емдік көрсеткіштер бойынша стационарлық емдеу курсы аяқталғанға дейін өтейді. Мұндай Сақтандырылушыларға қатысты Шарт өз қолданысын жалғастырады. Бұл ретте Шарттың 3.3-тармағында көрсетілген ауруларды емдеу бойынша одан әрі шығыстар Сақтандырушымен өтелмейді.

4. Сақтандыру сыйлықақысы


4.1. Әрбір негізгі Сақтандырылушы үшін сақтандыру сыйлықақысы таңдалған сақтандыру бағдарламасына сәйкес белгіленеді және _____ (_____) теңге.

4.2. Отбасының әрбір сақтандырылған мүшесіне сақтандыру сыйлықақысы таңдалған сақтандыру бағдарламасына сәйкес белгіленеді және _____ (_____) теңге.

4.3. Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының жалпы мөлшері Шарттың №9 қосымшасында көрсетілген.

4.4. Сақтандырылушылардың тізіміне өзгерістер енгізілген кезде Сақтанушы қосымша төлейтін сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Шарттың 11-бөліміне сәйкес белгіленеді және тараптар оны қосымша келісім ретінде ресімдейді.

4.5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі Шарттың №8 қосымшада белгіленді.





4.6. Сақтандырылушылар тізіміне өзгерістер енгізген кезде Сақтанушы қосымша төлейтін сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Шарттың 4.1-тармағына және 10-бөліміне сәйкес айқындалады және Тараптардың қосымша келісімімен ресімделеді және қосымша келісімде белгіленген мерзімде бір рет төленеді.

4.7. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Шарттың талаптарымен келісілген мерзімде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы:

4.7.1. Шартты бір жақты тәртіпте, сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлемеген күннен бастап бұзуға;

4.7.2. егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға оны төлеу кешіктірілген сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлеген күнге дейін орын алса, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

5. Сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті)

5.1. Негізгі Сақтандырылушыға және отбасының сақтандырылған мүшелеріне сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті) таңдалған сақтандыру бағдарламасына сәйкес анықталады және көрсетілген Сақтандырылушылар үшін бірегей, яғни, негізгі Сақтандырылушы мен отбасының сақтандырылған мүшелері үшін бір сома болып табылады.

5.2. Есептен шығарудың әр санаты үшін сақтандыру сомалары (жауапкершілік лимиті) сақтандыру бағдарламасында белгіленеді және бөлек көрсетіледі.

5.3. Есептен шығарудың әр санаты үшін сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті) бүкіл отбасы – негізгі Сақтандырылушы және отбасының сақтандырылған мүшелері үшін бір, осы сома шегінде Сақтандырушы негізгі Сақтандырылушыға және отбасының сақтандырылған мүшелеріне көрсетілген медициналық қызметтердің ақысын есептен шығарудың осы санаты бойынша төлейді. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлегеннен кейін есептен шығарудың тиісті санаты бойынша сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті), сондай-ақ жалпы сақтандыру сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің сомасына азаяды.

5.4. Шарт бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Шарттың №9 қосымшасында көрсетілген.

5.5. 12 (он екі) айдан аз мерзімге қосымша сақтандыруға қабылданатын негізгі сақтандырылушыға қатысты есептен шығарудың жекелеген санаттары бойынша жауапкершілік лимиттері сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтандыру сомасын айқындау табеліне (бұдан әрі – Табель) сәйкес сақтандыру қорғанысының қалған кезеңіне пропорционалды түрде қайта есептеледі (Шарттың №8 қосымшасы).

6. Сақтандыру сомасын (жауапкершілік лимитін) түгесу және артық жұмсау

6.1. Есептен шығарудың бір санаты бойынша сақтандыру сомасын (жауапкершілік лимиті) түгесу және артық жұмсау Сақтандырушының аталған медициналық қызмет бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетін тоқтатуға әкеп соқтырады.

6.2. Есептен шығарудың бір санатынан басқасына жауапкершілік лимитін ауыстыруға рұқсат етілмейді.



6.3. Есептен шығарудың бір санаты бойынша сақтандыру сомасын (жауапкершілік лимиті) түгесу Шартты тоқтатуға әкеп соқтырмайды.

6.4. Есептен шығарудың белгілі бір санаты бойынша шығындардың жалпы сомасы есептен шығарудың осы санаты бойынша сақтандыру бағдарламасында қарастырылған сақтандыру сомасының мөлшерінен асса, Сақтандырылушы (Сақтанушы) Сақтандырушыға бұл артық төлемді (шығынның артық жұмсалуды) толықтырады.

6.5. Мұндай артық жұмсалым туындаған кезде Сақтандырушы (медициналық сервистік компания) Сақтандырылушыны (Сақтанушыны) телефон және (немесе) хат (бұл ретте Сақтандырылушыны телефон арқылы хабардар ету ол қабылдаған болып есептеледі) арқылы туындаған лимиттің артық жұмсалымы туралы хабардар етеді және бір мезгілде сақтандыру карточкасына бұғат қояды, яғни, ол Сақтандырылушының артық жұмсалым сомасын толық өтегенге дейін (отбасы мүшелері сақтандырылған жағдайда, бұл талап бүкіл отбасына қолданылады) медициналық қызметтердің өтемін тоқтатады.

6.6. Лимиттің артық жұмсалуды орын алған сақтандыру бағдарламасы бойынша сақтандырылушы хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде медициналық ассистанстың қассасына лимиттің артық жұмсалудың сомасы мөлшерінде берешекті қолма-қол ақшалай қаражатпен немесе медициналық ассистанстың банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен төлеуге міндетті. Сақтанушы (Сақтандырылушы) көрсетілген кезеңде берешекті төлемеген жағдайда Сақтандырушы/медициналық ассистанс кейіннен күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң сақтандырудан алып тастай отырып, сақтандыру қоғауының толық бұғаттайды. Осы Сақтандырылушы бойынша, сондай-ақ сақтандырылған отбасы мүшелері бойынша сақтандыру сыйлықақысын қайтару жүргізілмейді.

6.7. Сақтандырылушы Шартта, сақтандыру бағдарламасында қарастырылмаған медициналық қызметтерді алған жағдайда немесе көрсетілген медициналық көмек медициналық көрсеткіштерге сәйкес тағайындалмаған болып саналса, ондай медициналық қызметтің ақысын Сақтандырылушы өзі төлейді не оның құнын медициналық ассистансқа өтейді. Бұл жағдайда медициналық ассистанс Сақтандырылушыға туындаған берешек туралы хабарлайды және бір мезгілде сақтандыру қорғауының әрекетін бұғаттайды, яғни, ол Сақтандырылушыға ол алған медициналық қызметтердің ақысын (отбасы мүшелері сақтандырылған кезде, бұл талап барлық отбасы мүшелеріне қатысты) толық төлегенге дейін медициналық қызметтердің ақысын өтеуді тоқтатады, Сақтандырылушы хабарлама алған





сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде туындаған берешекті толық көлемінде төлеуге міндетті.

7. Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеті

7.1. Медициналық қызметтерді алу үшін Сақтандырылушы медициналық ассистансқа жолығуы және оның нұсқауларын орындауы тиіс.

7.2. Медициналық ассистансқа әр барған сайын Сақтандырылушы оған жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге міндетті. Медициналық желіге қатысушылардан медициналық қызметтер алуға тек медициналық ассистанс қызметкерінің жолдамасы және жеке басын куәландыратын құжат болғанда ғана рұқсат етіледі. Бұған Шарттың 7.12.-тармағында көзделген талаптар сақталған кездегі шұғыл жағдайлар мен стоматология кірмейді.

7.3. Сақтандырылушыларға медициналық қызметтерді тікелей медициналық ассистанс немесе медициналық ассистанттың шешімі/жолдамасы бойынша медициналық желіге қатысушылар тізіміне кіретін емдеу мекемелерінде көрсетеді. Отбасылық дәрігердің қызметтерін тек медициналық ассистанс көрсетеді.

7.4. Медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер егер аталған медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер Қазақстан Республикасының Денсаулық министрлігі бекіткен/ұсынған сырқаттарға диагностика қою және емдеу хаттамаларына сәйкес Сақтандырылушының сырқатына диагностика қою және оны емдеу үшін қажетті және жеткілікті болған кезде, медициналық көрсеткіштерге сәйкес тағайындалған болып саналады.

7.5. Медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер егер аталған медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектер Сақтандырушының медициналық сарапшысының қорытындысына сәйкес:

7.5.1. ауруды емдеу үшін қажетті және жеткілікті болып табылмағанда;

7.5.2. эксперимент немесе ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында тағайындалса, медициналық көрсеткіштерге сәйкес тағайындалған болып саналмайды.

7.6. Шұғыл көрсеткіштері бойынша амбулаториялық-емханалық қызметтер дәрігердің тәулік бойы бақылауын және Сақтандырылушының стационарда болуын талап етпейтін, жіті жай-күйді дереу тоқтатуға бағытталған; оған диагноз қою үшін қажетті отбасы дәрігерінің қабылдауы, жедел кеңес беру – диагностика жасау іс-шаралары (тандалған сақтандыру бағдарламасы шегінде), жіті жай-күйді дереу тоқтатуға бағытталған емдеу-диагностикалық процедуралары кіреді.

7.7. Шұғыл көрсеткіштер бойынша стационарда емдеу дәрігердің тәулік бойы бақылауын және Сақтандырылушының стационарда болуын талап ететін Сақтандырылушы денсаулығының кенеттен нашарлау кезінде қолданылады; бұл ретте медициналық көмек дереу көрсетілуі тиіс, яғни, жағдай туындаған алғашқы тәулікте және медициналық көмек көрсетуден бас тарту немесе оны кідірту қайтыс болуға дейінгі ауыр салдарға соқтыруы мүмкін.

7.7.1. Медициналық қызмет көрсету үшін шұғыл жағдайлар:

7.7.1.1. қатты ауру (іштің ауруы, жүрек тұсының ауруы және т.б.);

7.7.1.2. қатты жарақаттар (сынықтар, жаралану және т.б.);

7.7.1.3. 38°C-тан жоғары гипертермия;

7.7.1.4. абсцесс, панариция, басқа хирургиялық жолды талап ететін іріңдеу процестері;

7.7.1.5. жіті аллергиялық жай-күй (Квинке ісігі, есекжем, Лайел синдромы, Стивенс-Джонс синдромы және т.б.);

7.7.1.6. гипертониялық криздер;

7.7.1.7. ессіз жағдай;

7.7.1.8. қан жоғалтуды көрсететін сырттай қансырау, сондай-ақ іштей қансыру және ішкі ағзаға қан кету;

7.7.1.9. күйік және үсу;




7.7.1.10. улану;

7.7.1.11. сіңір тартылу;

7.7.1.12. жіті хирургиялық жай-күй;

7.7.1.13. жіті бүйрек жетімсіздігі;

7.7.1.14. жіті бауыр жетімсіздігі;





- 7.7.1.15. жіті церебральды жетімсіздік;
- 7.7.1.16. жіті тыныс алу жетімсіздігі;
- 7.7.1.17. жіті жүрек қан тамыры жетімсіздігі;
- 7.7.1.18. жіті миокард инфаркты;
- 7.7.1.19. тұрақсыз стенокардия;
- 7.7.1.20. кез келген этиологиядағы шок.

7.8. Емдеу көрсеткіштері бойынша амбулаториялық-емханалық көмек – қажеттілігі айқын, көмек көрсетпеу Сақтандырылушы жай-күйінің қабынуына және құлдырауына әкеп соқтыруы мүмкін, бірақ қаралу сәтінде шұғыл медициналық көмекті қажет етпейтін, емхана жағдайында туындаған патологиялық жай-күйді емдеуге бағытталған медициналық іс-шаралар.

7.9. Емдеу (жоспарлы) көрсеткіштері бойынша стационарда емдеу – дәрігердің тәулік бойы бақылауы үшін немесе оның қажеттілігін дәрігер алдын-ала белгілеген күрделі емдеу-диагностика процедураларын жүргізу үшін Сақтандырылушының тәулік бойы стационарда болуын талап ететін Сақтандырылушы денсаулығының құлдырауы (алғаш рет болған жіті сырқаттың немесе созылмалы сырқаттың қабынуы салдарынан) кезінде жүргізіледі.

7.10. Шұғыл және емдеу көрсеткіштері бойынша стационарда емдеуді ұйымдастыру кезінде медициналық ұйымды немесе бөлімшені медициналық ассистанс қызметкері таңдалған тиісті медициналық бағдарламаға сәйкес медициналық желіге қатысушылар тізбесіне сәйкес таңдайды.

7.11. Стационарлық емдеу курсы барысында шұғыл да, емдік де көрсеткіштер бойынша сақтандырушымен тек негізгі аурумен және Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызуға тікелей себеп болған негізгі аурумен себеп-салдарлық байланыстағы ілеспе аурулармен байланысты диагностика мен емдеу өтеледі.

7.12. Сақтандырылушының стационарда емделуге шұғыл көрсеткіштері туындаған жағдайда, Сақтандырылушының медициналық сервистік компанияға өзі қаралу мүмкіндігі болмаған кезде Сақтанушы, Сақтандырылушының өзі немесе басқа тұлғалар арқылы Сақтандырушыны немесе медициналық ассистансты сақтандыру жағдайының басталғаны туралы оған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде хабардар етуге міндетті.

7.13. Сақтандырылушы медициналық қызметтерді ол таңдаған сақтандыру бағдарламасы бойынша медициналық желіге қатысушы медициналық ұйымдардан алуға құқылы.

7.14. Сақтандырылушы сақтандыру бағдарламасында қарастырылған медициналық қызметтерді отбасы дәрігерінің келісімімен және оның жолдамасы бойынша медициналық желіге қатысушы болып табылмайтын медициналық ұйымдардан стоматологиядан басқа қызметтерді егер Сақтандырылушыға шұғыл, емдеу көрсеткіштері бойынша қажетті немесе диагноз қою үшін медициналық қызмет қандай да бір себептермен медициналық желіге қатысушыларда көрсетіле алмайтын болса ғана алуға құқылы.

7.15. Осы тараудың 7.12. және 7.16.-тармақтарында көзделген жағдайларда Сақтандырылушы көрсетілген медициналық қызметтердің ақысын өзі төлейді және медициналық сервистік компанияға немесе Сақтандырушыға тараудың 8.5.-тармағына сәйкес тартқан шығындардың өтемін алу үшін қажетті құжаттарды ұсынады.


7.16. Сақтандырылушы медициналық ұйымға қаралған кезде Сақтандырушы/ медициналық ассистанс аталған медициналық ұйымдардың мамандары қойған диагностика және емдеу нәтижелері үшін жауап бермейді.

7.17. Медициналық қызметтерді алу кезінде Сақтандырылушы оған медициналық қызметтерді көрсету фактісін өз қолымен (немесе мобильді қосымшада QR кодын немесе SMS арқылы) жолдама бланкісінде, дәріханада дәрі-дәрмектерді алу кезінде рецептуралық бланкісінде, стоматологиялық емдеуді алу кезінде тапсырыс-нарядта растайды.

7.18. Сақтандырушы / медициналық ассистанс Шартқа қосымша келісімге қол қоймастан, осындай өзгеріс болған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға электрондық хабарлама арқылы кейіннен хабарлай отырып, медициналық желіге қатысушылардың тізіміне өзгерістер енгізуге құқылы. Сақтанушы кез келген уақытта Сақтандырушыдан/медициналық ассистанстан медициналық желіге қатысушылар тізіміндегі өзгерістерді сұратуға құқылы.

7.19. Егер медициналық ұйым медициналық желіге қатысушылар тізімінен шығарылған сәтте сақтандырылған адам емдеу курсы алуы жалғастырса және емдеуді аяқтау үшін уақыт талап етілсе, медициналық ассистанс осындай медициналық қызметтерге осы медициналық ұйымға жүгіну үшін себеп болған негізгі ауру бойынша емдеу аяқталғанға дейін ақы төлейді.

7.20. Вакцинация қызметтерін ұсыну Сақтандырылушыны сақтандыру бағдарламасында жабудың осы санаты болған кезде жүзеге асырылады. Вакцинаны таңдауды медициналық ассистанс мамандары жүзеге асырады. Сақтанушының жауапты адамы медициналық ассистанс белгілеген мерзімде медициналық ассистансқа электрондық түрде вакцинацияланатындардың санын көрсете отырып, өтінімді және одан әрі (маусымдық вакцинация кезеңінде) вакцинациялауға жататын Сақтандырылғандардың тізімін ұсынады. Вакцинацияны жүргізу күні мен орнын медициналық ассистанс және Сақтанушы сақтандыру бағдарламасының шарттарына сәйкес келіседі.





7.21. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылушының) іс-қимыл тәртібі Шартқа №6 қосымшада көрсетіледі.

8. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі

8.1. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Пайда алушыға Шарттың талаптарына сәйкес Сақтандырылушы алған медициналық қызметтерге арналған шығыстарды өтеу жолымен жүзеге асырады.

8.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру не сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы шарт бойынша сақтандыру бағдарламасына сәйкес Сақтандырылушы көрсеткен барлық медициналық қызметтер бойынша есепті кезең ішінде шеккен шығыстардың жалпы сомасын және Сақтандырушы мен медициналық ассистанс арасында жасалған ынтымақтастық туралы тиісті шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде медициналық ассистанстан алынған орындалған жұмыстардың актісін көрсете отырып, төлем шотының негізінде қабылдайды.

8.3. Сақтандырушының пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруы оның банк шотына ақша аудару арқылы жүргізіледі.

8.4. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері 8.11-тармақта және Шартқа №7 қосымшада көрсетілген.

8.5. 7.12. және 7.16.-тармақтарда көзделген жағдайларда. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандырылушы өз бетінше төлеген медициналық қызметтердің құнын өтейді. Бұл жағдайда өтемді (сақтандыру төлемін) алу үшін Сақтандырылушы (Пайда алушы) медициналық қызметті алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

8.5.1. Сақтандырылушының (Пайда алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

8.5.2. егер үшінші тұлға сақтандыру төлемін алушы болып табылса, өтемді (сақтандыру төлемін) алуға нотариалды куәландырылған сенімхат;

8.5.3. дәрігер - медициналық ассистанс қызметкерінің диагноз және алынған ұсынымдар көрсетілген жолдамасы;

8.5.4. сақтандыру төлемін жүзеге асыруға өтініш;

8.5.5. туу туралы куәліктің көшірмесі (кәмелетке толмаған Сақтандырылушы үшін);

8.5.6. Сақтандырылушының (Пайда алушының) банктік деректемелері;

8.5.7. қабылданған медициналық қызметтерді растайтын құжаттар:

8.5.7.1. амбулаториялық–емханалық көмек бойынша – шот-фактураның, фискалдық чектің түпнұсқасы және амбулаториялық картаның көшірмесі, зертханалық-аспаптық тексеру нәтижелерінің көшірмесі, диагнозын көрсете отырып, дәрігердің жазбалары және көрсетілген тексеруді жүргізу ұсынымдары;

8.5.7.2. стационарда емдеу бойынша – фискалдық чектің түпнұсқасы, көрсетілген қызметтердің тізбесі мен әрбір қызметтің құны көрсетілген медициналық ұйымның шот-фактурасының түпнұсқасы, стационарлық науқастың ауру тарихынан үзінді көшірменің көшірмесі, көрсетілген қызметтердің тізбесі мен олардың құны көрсетілген калькуляциялық парақтың көшірмесі;

8.5.7.3. стоматологиялық емдеу бойынша – тіс формуласы, клиникалық диагнозы және емделген/шығарылған тістің нөмірі көрсетілген фискалдық чектің түпнұсқасы, тапсырыс-наряд;

8.5.7.4. дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша – тауар чегінің, фискалдық чектің түпнұсқасы, медициналық ассистанс дәрігер-қызметкерінің рецепті.


8.6. Егер стоматология сақтандыру бағдарламасында көзделген болса, стоматология бойынша шығыстарды қоспағанда, Шартқа сәйкес медициналық ассистанс дәрігер – қызметкерінің жолдамасынсыз (рецептісіз) жүзеге асырылған медициналық қызметтерге арналған кез келген шығыстар өтелмейді.

8.7. Сақтандырушы медициналық желіге қатысушылар болып табылмайтын медициналық ұйымдарда алынған стоматологиялық қызметтер бойынша кез келген шығыстарды, Сақтандырылушы оны алу қажеттілігін негіздейтін құжатты ұсынған жағдайда не медициналық ассистанспен келіскен жағдайда, медициналық желіге қатысушылар қызметті көрсете алмаған жағдайларды қоспағанда, өтемейді. Бұл ретте Сақтандырушы өтетін шығыстар сомасының 70%-інен аспайтын мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

8.8. Сақтандырушы қажет болған кезде олардың болмауынан сақтандыру жағдайы фактісін белгілеу және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау мүмкін емес басқа медициналық құжаттарды қосымша ұсынуды талап етуі мүмкін.

8.9. Сақтандырушы қажет болған кезде олардың болмауынан сақтандыру жағдайы фактісін белгілеу және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау мүмкін емес басқа медициналық құжаттарды қосымша ұсынуды талап етуі мүмкін.

8.10. Сақтандырушы 8.5-тармақта көрсетілген барлық құжаттарды алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарттың 7.12-





тармақтарында көзделген медициналық қызметтердің құнын өтеуді жүзеге асыруға және 7.16. сақтандыру төлемін алуға не дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті.

8.11. Медициналық қызметтер құнын өтеу/сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

8.11.1. Сақтандырылушының Шартта және (немесе) сақтандыру бағдарламасында көзделмеген медициналық қызметтерді алуы;

8.11.2. Сақтандырылушыларға медициналық көрсетілімдері жоқ медициналық қызметтерді алу;

8.11.3. Сақтанушының (Сақтандырылушының) Шарт жасасу күніне Сақтандырылушының денсаулық жағдайы туралы анық емес мәліметтерді хабарлауы;

8.11.4. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау;

8.11.5. егер Сақтандырылушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен мүмкіндігі болса, бірақ Сақтандырушыға Шартта белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның туындаған салдармен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаса немесе көрінеу жалған мәліметтер/құжаттар ұсынса.

8.12. Егер Сақтандырылушы емдеуші дәрігердің нұсқамасын орындамаса немесе емдеу кезінде емдеуші дәрігер айқындаған режим бұзылса, Сақтандырылушыға көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлемеуге құқылы, бұл дәрігердің қорытындысымен (амбулаториялық картадан үзінді көшірмемен немесе өзге де ұқсас медициналық құжаттармен) расталады.

9. Шарттың қолданылу мерзімі және оны өзгерту

9.1. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың өзара келісімі бойынша Тараптардың бірінің жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жүргізіледі.

9.2. Егер қандай да бір Тарап шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келіспесе, 5 (бес) жұмыс күні ішінде шартты бұрынғы талаптармен жалғастыру немесе шартты тоқтату туралы мәселе шешіледі.

9.3. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулардың, олар жазбаша нысанда қосымша келісімдер жасасу және Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қол қоюы арқылы ресімделген жағдайда, заңды күші болады.

10. Сақтандырылушыны қосымша қосу және мерзімінен бұрын алып тастау және Сақтандырылушыны ауыстыру

10.1. Сақтандырушыны қосымша қосу, мерзімінен бұрын алып тастау, сондай-ақ оны ауыстыру тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі және Шартқа қосымша келісім ретінде ресімделеді.

10.2. Негізгі Сақтандырылушыны 12 (он екі) айдан аз мерзімге сақтандыру шартына қосымша енгізген кезде сақтандыру сыйлықақысы табельге сәйкес әрбір негізгі Сақтандырылушы үшін төленеді. Есептен шығарудың жекелеген санаттары бойынша сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті) Шартқа №8 қосымшаға сәйкес сақтандыру қорғанысының қалған кезеңіне пропорционалды түрде қайта есептеледі

10.3. Сақтандырылушылар тізіміне отбасы мүшесін қосымша енгізген кезде сақтандыру сыйлықақысы отбасының әрбір сақтандырылған мүшесі үшін толық төленеді, бұл ретте мұндай қосымша енгізу егер тараптардың қосымша келісімінде басқалай ескертілмесе, негізгі Сақтандырылушыға қатысты Шарт әрекетін бастаған күннен бастап алғашқы 45 (қырық бес) күн ішінде ғана жүргізіледі.



10.4. Сақтандырылушыны сақтандырылушылар тізімінен мерзімінен бұрын алып тастау қажет болған кезде Сақтанушы алып тастау туралы шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға электрондық пошта арқылы хабарлауға міндетті. Сақтандыру сыйлықақысын қайтару есебі хабарлама күнінен кейін 15 (он бес) жұмыс күні өткен соң жүргізіледі.

10.5. Сақтандырылушыны Сақтандырылушылар тізімінен алып тастау күні болып қосымша келісімде көрсетілген күн саналады, бірақ кез келген жағдайда Сақтандырушыны хабардар еткен күннен кейінгі жұмыс күнінен бұрын емес.

10.6. Негізгі Сақтандырылушы Сақтандырылушылар тізімінен мерзімінен бұрын шығарылған кезде, осы Сақтандырылушы және оның отбасы мүшелері бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмаған кезде Сақтандырушы табельге (Шарттың №8 қосымшасы) сәйкес сақтандыру сыйлықақысының 25% - ы сомасы шегеріліп, осы негізгі Сақтандырылушы үшін төленген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Сақтанушыға қайтарады. Алып тасталатын отбасы мүшелері бойынша сақтандыру сыйлықақысын қайтару жүргізілмейді.

10.7. Негізгі Сақтандырылушы сақтандырылушылар тізімінен мерзімінен бұрын шығарылған кезде, осы Сақтандырылушы бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылған жағдайларда, сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.

10.8. Сақтандырушы негізгі Сақтандырылушыны ауыстыратын Сақтандырылушы және/немесе оның отбасы мүшелері (отбасылық тіркелген жағдайда) бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмаған жағдайда ғана ауыстыра алады. Негізгі Сақтандырылушының отбасы мүшелерін ауыстыру жүргізілмейді. Негізгі Сақтандырылушыны ауыстыру Сақтанушының өтініші бойынша жүргізіледі және Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді. Негізгі Сақтандырылушыны қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлемей ауыстыру тек 1 (бір) рет ғана мүмкін.





10.9. Сақтандырушы Сақтанушының өтініші бойынша, егер бұл сақтандыру бағдарламасында көзделген болса, сақтанушы картасының санатын неғұрлым қымбатқа ауыстыра алады, картаның санатын неғұрлым арзанға ауыстыру жүргізілмейді. Картаның санатын ауыстыру Шартқа қосымша келісім жасау және төленген сыйлықақы мен сақтандырудың жаңа санатының толық құны арасындағы құн айырмасын қосымша төлеу арқылы жүргізіледі. Бұл ретте Сақтандырылушының алдыңғы санат бойынша барлық шығыстары жаңа картаға көшіріледі, ал картаның нөмірі өзгеріссіз қалады. Карта Шарт жасалған күннен бастап алғашқы күнтізбелік 3 (үш) айда ауыстырылуы мүмкін.

11. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

11.1. Тараптардың құқықтық өзара әрекеттері мен жауапкершілігі тараптар Шартты жасасқан сәттен басталады.

11.2. Сақтанушы құқылы:

11.2.1. Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, медициналық қызметтер көрсету тәртібін түсіндіруді талап етуге;

11.2.2. осы шарттың талаптарына сәйкес Сақтандырылушылардың тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, бірақ Шарттың қолданылуы аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей;

11.2.3. медициналық қызметтерді Шарттың талаптарына және тандалған сақтандыру бағдарламасына сәйкес көрсетуді талап етуге;

11.2.4. Шарттың қолданылу кезеңінде оның талаптарына сәйкес Сақтандырылушыларды Сақтандырылушылар тізімінен қосымша қосуды және шығаруды жүргізуге (Шартқа №4 қосымша);

11.2.5. Сақтандырылушы қабылдаған медициналық қызметтер бойынша шығындардың сомасы туралы ақпарат алуға;

11.2.6. Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына кереғар келмейтін басқа әрекеттерді жасауға құқылы.

11.3. Сақтанушы міндетті:

11.3.1. сақтандыру сыйлықақысын Шартты белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;

11.3.2. Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;

11.3.3. Шарттың қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы Сақтандырушыны хабардар етуге міндетті. Сақтандырушыдан Шартқа өзгерістер енгізу және (немесе) сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына байланысты қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеу қажеттігі туралы хабарлама алған кезде хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қосымша келісім жасасу және (немесе) қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін қажетті іс-шараларды жүзеге асыруға;

11.3.4. Сақтандырушыны Сақтандырылушылар тізімінен шығарылғаны туралы осындай шешім қабылданған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етуге;

11.3.5. Сақтандырушыға / медициналық ассистансқа Шартқа сәйкес Сақтандырушыға/медициналық ассистансқа төленуге жататын берешектердің сақтандырылған сомаларын талап етуде жәрдем көрсетуге;

11.3.6. Сақтандырылушыларға оларға Сақтандырушы бағыттаған ақпараттарды бере отырып, Сақтандырушыға көмектесуге;

11.3.7. Сақтандырушылардың Шарттың талаптарын орындауы мақсатында Сақтандырылушыларды сақтандыру талаптарымен, Шарт бойынша олардың құқықтары және міндеттерімен таныстыруға;


11.3.8. вакцинация немесе профилактикалық тексеру жүргізудің жоспарланған күніне дейінгі 15 (он бес) жұмыс күні бұрын Сақтандырушыны/ медициналық ассистансты Сақтандырылушылардың тізімін бірге тіркеп, жазбаша хабардар етуге;

11.3.9. Сақтандырушыға Шартты жасасу үшін қажетті, Сақтандырылушыға қатысты шынайы ақпаратты толық көлемінде беруге;

11.3.10. осы полисте көзделген сақтандырылған тұлғалардың төменде көрсетілген келісімдерінің болуын қамтамасыз ету:

11.3.10.1. сәйкестендіру/аутентификация/рұқсат ету үшін қажетті ақпаратты (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей) қамтуы мүмкін: тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген жағдайда), азаматтығы, жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі, күні мен орны. туған жері, тұрғылықты жері, заңды мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, сурет, дауыс жазбасы;

11.3.10.2. сақтандыру шарты бойынша медициналық қызметкердің құпиясын құрайтын мәліметтерді (медициналық көмекке жүгіну фактісі, денсаулық жағдайы, диагноз, тексеру нәтижелері және т.б.) беруге. Сақтанушы сақтандырушыдан жоғарыда көрсетілген келісімдерді беру туралы сұрау салуды алған кезде оларды сақтандырушыға дереу беруге міндеттенеді.





11.4. Сақтанушы міндетті:

11.4.1. дәрігерлерге, медициналық ұйымдарға және басқа уәкілетті тұлғаларға Сақтандырушыға оның сұранысы бойынша сақтандыру жағдайының себептерін тексеру үшін қажетті құжаттарды (анықтама, қорытынды және т.б.) беру уәкілеттігін беруге;

11.4.2. Шартта көзделген медициналық көмекке (көрсетілетін қызметке) медициналық ассистанс тізімінен медициналық ұйымға жүгінгенге дейін медициналық ассистанспен байланысуға және медициналық көрсетілетін қызметтерді алу кезіндегі одан арғы іс-қимылдар туралы ақпарат алуға, дәрігердің, медициналық ассистанс үйлестірушісінің, тексеруші және емдеуші дәрігерлердің нұсқауларын ұстануға;

11.4.3. Сақтандырушы (Сақтанушыға) егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына әсер етуі мүмкін болса, Шартты жасасу кезінде Сақтандырушыға мәлімделген жағдайлардағы оған мәлім болған өзгерістер туралы кідіріссіз хабарлауға;

11.4.4. медициналық қызмет алған кезде сақтандыру карточкасын және Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуға;

11.4.5. медициналық қызметтерді алу кезінде оны алу фактісін (жолдама/рецепт/тапсырыс-наряд бланкісінде/сигналдық парақта өз қолымен растауға), немесе мобильді қосымшада QR кодын немесе SMS арқылы;

11.4.6. медициналық ұйымдардың дәрігерлерін сақтандыру жағдайына қатысты бөлігінде сақтандырушы алдындағы медициналық қызметкердің құпиялық/құпия міндеттерінен босату туралы келісім беруге;

11.4.7. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты барлық мән-жайларды анықтау үшін қажетті сақтандыру жағдайына қатысы бар медициналық және басқа құжаттарды қоса алғанда, барлық ақпаратты беруге;

11.4.8. негізсіз шақыру жағдайында (жалған шақыру, сақтандырылушының шақыру орнында болмауы, сақтандырылмаған адамға шақыру, алкогольдік, есірткілік уытқұмарлық масаң күйдегі сақтандырылған адамға еңбекке жарамсыздық парағын негізсіз ашу үшін, тасымалдаудың негізсіз медициналық айғақтарымен және т. б.), Сақтандырылушы Сақтандырушы шеккен шығыстарды толық мөлшерде өтеуге міндетті;

11.4.9. медициналық ассистанс тізімінен тыс медициналық ұйымға шұғыл емдеуге жатқызу кезінде 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей Сақтандырушыға/медициналық ассистансқа сақтандыру жағдайының басталғаны туралы кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға;

11.4.10. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес пациенттің міндеттерін сақтау және орындауға;

11.4.11. кәсіби медициналық немесе фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіруге, медицина қызметкерлеріне және (немесе) фармацевтика қызметкерлеріне өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде былапыт сөздер айтудан, әдепсіз ымдау (белгілер) мен заттарды көрсетуден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып көрсетуден, әдепсіз мінез-құлықтан, қорлайтын іс-әрекеттерден көрініс табуға жол бермеуге;

11.4.12. Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

11.5. Сақтанушының құқығы бар:

11.5.1. Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, шарт бойынша медициналық қызмет көрсету тәртібін түсіндіруді талап етуге;

11.5.2. Шарттың талаптарына және таңдалған сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық қызметтерді ұйымдастыруды және оған ақы төлеуді талап етуге;

11.5.3. алынған медициналық қызметтер бойынша шығыстар сомасы туралы ақпарат алуға құқылы.


11.6. Сақтандырушы құқылы:

11.6.1. меншікті қаражаты есебінен Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлердің Сақтандырылушыны медициналық тексеруден өткізуін ұйымдастыруға;

11.6.2. тиісті мемлекеттік органдардан және медициналық ұйымдардан олардың құзіретінен шыға отырып, Сақтандырылушы денсаулығының жай-күйі туралы ақпараттар сұратуға;

11.6.3. Сақтанушыдан және Сақтандырылушыдан алынған ақпаратты, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) Шарттың талаптары мен ережелерін орындауын тексеруге;

11.6.4. Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын жағдайлар туралы хабарлама (мәліметтер) алған кезде Сақтанушыға тиісті хабарлама жіберу арқылы Шарттың талаптарын өзгерту және (немесе) сақтандыру тәуекелінің артуына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;





11.6.5. сақтандыру жағдайының басталу жағдайлары мен себептерін тексеруге;

11.6.6. Сақтандырылушының сырқаттану тарихы және басқа кез келген мәліметтерді Сақтандырылушыға медициналық қызметтер көрсетуші медициналық ұйымдардан сұратуға; сақтандыру жағдайының басталу фактісі бойынша сұраныстарды медициналық ұйымдарға және басқа ұйымдарға жөнелтуге;

11.6.7. осы Шартта қарастырылған жағдайларда сақтандыру қорғауының қолданысын бұғаттауға;

11.6.8. егер Сақтанушының Шартты жасасу кезінде сол Сақтандырушы және оның денсаулығының жай-күйі туралы қасақана жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырылушыға қатысты сақтандыру төлемінен бас тартуға және (немесе) Шартты бұзуға;

11.6.9. Сақтандырылушыға ол Шартқа сәйкес медициналық қызметтерді алуға құқылы медициналық ұйымда көрсетілген медициналық қызметтердің көлемін, мерзімін бақылауға құқылы.

11.6.10. Сақтанушы осы Шарттың 11.4.11-тармағын бұзған жағдайда, Сақтанушыны ауыстыру және сақтандыру сыйлықақысын қайтару мүмкіндігінсіз Сақтанушылардың тізімінен шығарылады.

11.7. Сақтандырушы міндетті:

11.7.1. Сақтанушыны сақтандыру талаптарымен және Сақтандыру ережесімен таныстыруға және оның талабы бойынша оның көшірмесін ұсынуға (жөнелтуге);

11.7.2. сақтандыру жағдайы басталған кезде Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін төлеуге;

11.7.3. сақтандыру құпиясын сақтауға;

11.7.4. Сақтанушы/Сақтандырылушы сұратқан кезде сақтандыру сомалар лимитінің қалдығы туралы және қабылданған медициналық қызметтер бойынша шығындар сомасы туралы ақпараттар беруге;

11.7.5. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін қажетті барлық құжаттарды тапсырмаған жағдайда, Шартта қарастырылған құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) сақтандыру төлемін алу үшін жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

12. Шартты тоқтату талаптары

12.1. Шарт мына жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

12.1.1. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған кезде;

12.1.2. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда.

12.2. Сақтанушы шарттан кез келген уақытта бас тартуға құқылы. Сақтанушы - жеке тұлға ол жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Шарттан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушы - жеке тұлғаға алынған (алған) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) оның ішінде сақтандыру қолданылған уақытқа бара-бар бір бөлігін және Шартты бұзумен байланысты 10% мөлшерінде шығындарды шегере отырып, алынған (алған) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) кері қайтаруға міндетті.

12.3. Сақтанушы Шартты Сақтандырушының жазбаша хабарламасымен бұза алады және сақтандырушыға Шарттың тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң өз қолданысын тоқтатады.


12.4. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін табельге (Шарттың 10.2-тармағы) сәйкес Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының толық сомасынан және Сақтандырушы жүзеге асырған шарт бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасынан 25% мөлшеріндегі әкімшілік шығыстарды шегеріп, қайтарады.

12.5. Егер Шарттың 12.4-тармағына сәйкес жүргізілген есеп бойынша шегерімдер сомасы төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерінен асатын болса, мұндай асып кету мөлшері Сақтанушыға өтелуге жатпайды.

12.6. Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

12.7. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату Сақтанушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан туындаған жағдайларда, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтармайды.

12.8. Шарт жарамсыз деп танылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), ал Сақтанушы (Пайда алушы) – Сақтандырушыға өзі жүргізген сақтандыру төлемдерін қайтаруға міндетті, жүргізілген сақтандыру төлемдерін қайтару есебі Шарттың жарамсыздығы туралы шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте жүргізілмейді.





12.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шарт:

12.9.1. сақтандыру объектісі болған кезде;

12.9.2. сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылғанда және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылғанда;

